

Ақтау қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 қарашасындағы № 1406 "1 адамға тәулігіне ащы, ыстық және ауыз судың тұтыну қалыптарын (нормаларын) бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысының Ақтау қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 17 қыркүйекте № 1267 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаменті Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 24 қарашада № 11-1-68 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 2283 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 15.12.2016 № 2283 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі "Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 400 қаулысына сәйкес және тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2006 жылғы қараша айының 30 қарашадағы № 1406 (тіркеу № 14-1-45, 2006 жылғы 22 желтоқсан, 2007 жылының 16 қаңтарында жарияланды) "1 адамға тәулігіне ащы, ыстық және ауыз судың тұтыну қалыптарын (нормаларын) бекіту туралы" қаулысы № 1 қосымшасына 1 қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Е. Өтеғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімінің м.а.

Б. Өтеғалиев

Ақтау қаласы әкімдігінің
" 17 " қыркүйек 2007 жылы
№ 1267қаулысына
№ 1 қосымша

1 адамға ащы, ыстық және ауыз судың шығынының есебі.

"Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 400

қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыз № 297 қаулысына сәйкес есептеу аспаптары болмаған жағдайда газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау үшін төлемнің мөлшері жалпы үйдегі ортақ есептеу аспаптарымен жабдықталған тұрғын үйлердің осындай үлгілері (қабаты, ұзақтығы, қабырға материалы) бойынша қалыптасқан орташа жылдық тұтыну нормалары ескеріле отырып айқындалады.

Бекітілген норма 2003 жылғы 1 қаңтар мерзіміндегі нормадан аспауы керек.

1. "МАЭК-Казатомпром" ЖШС-нің ұсынған статистикалық мәліметтерін негіздемеге ала отырып, 2006 жылының тамыз айынан бастап 2007 жылдың ақпан айына дейінгі мерзімдегі жалпы үйдегі ортақ есептеу аспаптарымен жабдықталған Ақтау қаласы тұрғын үйлерінің пәтердегі 1 адамға су тұтыну мөлшері анықталды:

Ауыз су – 1 тәулігіне 36 литр;

Ащы су – 1 тәулігіне 72 литр;

2. Ыстық су бойынша қолданылған су көлемі Ақтау қаласындағы тұрғын үйлерде ортақ есептеу аспаптары болмауына байланысты анықталмады.

Осыған орай ыстық су бойынша, яғни, 2006 жылдың наурызынан 2007 жылдың ақпаны аралығы мерзімінде ыстық су бойынша су пайдалану мөлшері жеке есеп аспаптарымен жабдықталған пәтерлерде нақты ортатәулік мөлшер тәулігіне 32 литрді құрағандығы, "МАЭК-Казатомпром" ЖШС-нің статистикалық мәліметтерін алынды.

Судың тәулігіне 1 адамға шығынының қалыптары:

Ауыз су – 36 литр/тәулігіне;

Ащы су – 72 литр/ тәулігіне;

Ыстық су – 32 литр/тәулігіне.